

Б.Ш.Баешова 

Филология ғылымдарының кандидаты., доцент
 Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
 Түркістан, Қазақстан
 balziya.bayeshova@ayu.edu.kz

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ТӨРТТАҒАН ЖАНРЫ

Аңдатпа. Қазақ поэзиясының қай жанрын алмайық, халықтық тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, мәдениет пен философия тұрғысын сөз етеді. Әсіресе, көне жанр қатарынан табылатын төрттағанның орны дараланып тұрады. Зерттеу еңбегімізде сол төрттік (төрттаған) жанры сөз болады.

Мақалада қазақ әдебиетіндегі төрттік (төрттаған) жырлаған ақындардың шығармашылығы туралы қарастырылған. Төрттаған жанры туралы бірқатар ғалымдардың пікірлері ұсынылады. Қазақ ақындарының лирикалық, философиялық шумақтары зерттелген. Көтеш, Шал, Қобылан, Сүйінбай, Абыл, Жаяу Мұса, Құлынишақ сынды ақындардың шумақтары әр қырынан талданған. Аталған ақындардың өмір, әлеуметтік теңдік, ұрпақ тәрбиесі, жастық пен қарттық туралы жырлаған шумақтары кезінде өз аудиториясына айтарлықтай әсер еткені белгілі.

Қазақтың би-ешендері мен жырауларының арасында дәстүрлі түрде жырланған төрттағанның тақырыптық аясы орасан. Замана үні мен келбетін жырға қосқан ақындар төрт жолдық өлеңнің сипатын одан сайын ерекшелендірді. Осы ерекшеліктер зерттеу еңбекте сөз болады. Ендігі біздің алға қойған өзекті мәселеміз де сол ақындардың қаламынан туған шығармашылығын зерттеп, зерделеу болмақ.

Тірек сөздер: Төрттаған, әдебиет, ақын, жырау, поэзия, лирика, философия.

Кіріспе. Қазақ әдебиетіндегі төрттаған жанрының қалыптасуы екі негізде жүзеге асты дей аламыз. Біріншісі, қазақ әдебиетінің өз ішінде пайда болған тума төрттағандар (қара өлең) арқылы, келесісі аударма (Шығыс шайырлары) арқылы қалыптасқан рубайлардың әдебиетімізге енуі.

Бірқатар зерттеу еңбектерінен байқағанымыздай, парсыларда рубай саналатын төрттаған жанры қазақтың тума қара өлеңі. Осы тұста зерттеуші, ғалым Ислам Жеменейдің мына пікірін айтпай кетпеске болмас: «Рубай пішінінің түркілердің ежелгі төрт таған өлеңдерінің негізінде пайда болғанын ескере отырып, жаңаша зерттеулерге жол ашсақ жөн болар еді...» [1]. Ғалымның пікірі зерттеуімізді беки түспек. Мақаламызда төрттаған

жанрының қазақтың сайын даласында, яки төл әдебиетімізде жырлануы жайында сөз етпекпіз.

Еліміздегі төрттағанның жырлануы төл әдебиетімізде ұлттық сипатта дамыды деуге болады. Талай тарихи кезеңдерді бастан кешірген қазақ халқы небір қиындықтарды бастан өткерсе де әдебиетін, мәдениетін, рухани-қазынасын жоғалтқан емес. Әсіресе, төл әдебиетіміздегі жауһар жырлары ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып бүгінгі күнге дейін жетіп отыр.

Қазақ хандығы (XV-XVIIIғ) тұсындағы әдебиетте әдеби мұраларымыз ұлттық, қазақи сипат алып, төрттаған жырлар қара өлең формасында жырланған еді. Бұл тұста абыздардан өріс алған жыраулық әдебиет үлгілері ұлттық сипатта

жырланғаны белгілі. Қазақтың суырып салма ақындар арасында әсіресе, Көтеш пен Шал ақын өз туындыларында қара өлеңді өте көп қолданған еді. Үзіліссіз жалғасын тауып келе жатқан аталмыш жанрды жырлап көрмеген ақын жоқтың қасы. Сондықтан, төл әдебиетіміздегі төрттаған жанрында жыр толғаған ақындарды әлі де анықтау келешектің еншісінде.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Жұмысты зерттеу барысында төрттаған жанрының шығу тегін, даму барысын толыққанды қарастырдық. Бастау көзін сонау Алып Ер Тоңа жырынан бастау алатын төрттағанды қазақ поэзиясында қара өлеңмен жалғасын тапқан деген тұжырымға келдік. Қазақтың би-шешендерінің жырларын, ақындардың айтыстары да зерттеу көзіне айналды. Сонымен қатар, парсы әдебиетін де зерттеу нысанына алдық. Көне түркі халқының жыр-дастандарын қара өлеңмен салыстырып, түбі бір жанр екеніне назар аудардық. Зерттеу барысында белгілі ғалымдар М.Мағауиннің, Ө.Күмісбаевтың, И.Жеменейдің көптеген еңбектері қарастырылды. Мақалада зерттеу нысанына алынған ақындардың шығармашылығы жан-жақты қарастырылды.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Бір ғана шешім, тобықтай түйінмен орасан мән, мағына беретін бұл өлең түрі кез-келген ақынның жанына азық екені анық. Философиясы мен лирикасы қосыла өрілген өлеңді жырлаған ақындар есімі сонау ерте ғасырларда-ақ әдебиет сахнасында бой көрсете бастағаны белгілі. Қазақ хандығы тұсындағы әдебиетіміздің (XV-XVIII ғ.ғ.) төрттаған жырлаушылары дегенде, өз заманында елді аузына қарата білген, парасатты шешім айтып, талай сөзге тоқтам бере білген Көтеш Райымбекұлы (1718-1798 ж.ж.), Шал Құлекеұлы (1748-

1819 ж.ж.), Қобылан Бөрібайұлы (1760-1840 ж.ж.), Абыл (1777-1864 ж.ж.) жырауды, отаршылдық дәуіріндегі (XVIII-XIX ғ.ғ.) әдебиеттің төрттаған толғаушылары Сүйінбай Аронұлы (1815-1898 ж.ж.), Жаяу Мұса Байжанұлы (1838 – 1929 ж.ж.), Құлыншақ Кемелұлы (1831-1892 ж.ж.) сынды ақындар легін айтпай кетпеске болмас. Әр түрлі кезеңде өмір сүрсе де, қазақ топырағында ғұмыр кешкен осы ақындардың қаламынан өз шағында керемет дастан-жырлармен қатар төрттағандар да туған.

Төл әдебиетімізде небір өткір тілді шешендер, айыр тілді, суырып-салма ақындар ғұмыр кешкен. Бізге жеткені бар, жетпегені бар, дегенмен қазақтың төл әдебиетінде төрттаған жырлаушыларды Көтеш ақыннан бастауды жөн көрдік. Көтеш (1718-1798 ж.ж.) ақынның суырып салмалығында дау жоқ. Сондай қасиеттерді бойына жинаған Көтеш ақынның жырлары да – мінсіз жауһар шумақтар. Көтеш ақынды зерттеуші М. Мағауин оны «кез келген нәрсені өлеңге айналдыра алатын ақын және күй талғамайтын жүйрік» деп бағалайды. «Көтеш – импровизатор. Халқымыздың әдеби мұралары жайында құнды еңбектер қалдырған А.Е. Алекторов өзінің бір мақаласында импровизаторлар жайында айта келіп, олардың ақындық қуатына, өлең шығарғыштық қабілетіне таңырқайды. Қазақ ақындары кез-келген тақырыпқа, ешқандай алдын-ала дайындықсыз, табан аузында өлең шығарып айта береді дейді ол» [2, 101 б.]. Ақын төрттағандарының желісі көбіне-көп кәріліктің төңірегінде жырланған. Жырларында сартап сағыныш, жастық шақты аңсау сарыны байқалады.

*Кәрілік, жылы-жұмсақ ас жарай ма,
Қазы, қарта, жал, жая, бас жарай ма?
Кәрілік, мұның бәрін жақтырмайсың,
Үйген топырақ, қалаған тас жарай ма!*

Жырда кәріліктің мағынасыздығы, мәнсіздігі айшық тапқан. Өмірінің барлық кезеңдерін тек кедейлік пен жоқшылық тауқыметін тартып өткізген Көтеш ақын жырларының дені пессимизмге құрылған. Пессимизм сарыны барлық ақын-жыраулардың жырында көрініс тауып отырғандығы белгілі. Көтештің қолда бар өлең, нақылдарының көпшілігі қара өлең үлгісімен жазылған.

«Көтеш өлеңдеріндегі зілді ирония, ащы юмор ол кісінің өмірден көп тақит көргендігін баяндайды. Әйтсе де айтайын дегенін әрдайым қысқа сөздермен бекітіп, әлденені іркіп қалған секілді боп көрінеді...» [3, 10 б.], деп зерттеуші Ө. Күмісбаев дәлелдейді.

Бұқараның сөзін сөйлейтін ақындардың шығармашылығының негізгі өзегі – бай-манаптарды, би-болыстарды, яки билік басындағы шенеуніктерді мінеп – шенеу, халықты сауатты өмірге, ағартушылыққа, өнер мен ғылымға, талмай еңбек етуге шақыру, үстем таптың қанаушылық әрекеттерін жирендіре жырлау. Сол кездегі саяси ортаны ғана тілге тиек етпеген ақындардың шумақтарынан отбасындағы тәрбие-тәлім негіздері де айшықталып жататын. Мәселен, Шал ақынның (1748-1818 ж.ж.) әрбір шумағы жастар тәрбиесіне негізделіп тұрады.

*Мекке менен Медине жолдың ұшы,
Алыс сапар дейді зой барған кісі.
Ата менен анаңды құрметтесең,
Мекке болып табылар үйдің іші, -*

деп келетін төрттағанында ата-анаға деген құрметтен биігі жоқ, оларға жасаған жақсылық Меккеге барумен тең дегенге саяды. Ақын жырларының дені халықтың тұтқасы болар болашақ жастардың тәрбиесі, сондай-ақ, сол балаларды дүниеге әкелер аналарға, қыз-келіншектерге кеңес болып келеді.

*Ерімнің бір тұрманы үзеңгісі,
Қыз он бесте келеді түзелгісі.
«Аяғын көр, асын іш» деген сөз бар,
«Шешесін көр, қызын ал» –*

сол белгісі, -дей келе, өз шумақтарын нақыл сөздермен әрлейді, аз ғана сөзбен зор мағына беріп тұрған бұл шумақтың да астарында үлкен пәлсәпалық ой барын тұспалдатады. Ақын кей төрттағандарын ақылға, тәрбиеге негіздесе, кейбірінде реніш, наласын да аңғартатын кездер кездеседі. «Шалдың бізге жеткен шығармаларының дені-импровизациямен, экспромтпен айтылған өлеңдер. Бұл тұрғыдан алғанда Шал-ақын, ақын болғанда қазақ ұғымындағы ақын. Қазақтың бұрынғы өткен барлық импровизаторлары сияқты Шалға да өлеңмен, я қарасөзбен сөйлеу бір қисап болғанға ұқсайды. Мәселен, Шал бір үйге келсе, үй иесі әйел сабын қайнатып жатыр екен, кәрі ақынды елей қоймайды. Сонда сақалын сыйламағанға кейіген Шал табанда:

*Сабының сақар болсын дені, келін,
Көрмедің шыбын құрлы мені, келін.
Жұрт сыйлаған басымды күлге теңеп,
Жаярмын талай жерге сені, келін» [2,
110 б.], деген екен.*

Ақын кейде дана, кейде бала. Бірде көңілі шалқар, енді бірде жауар бұлттай жабырқау. Себебі, оның жүрегі қашан да сезім отына маздап тұрады емес пе?! Жасы келген ақын жүрегі қашан да жастықты аңсап, кәрілікке қадам жасағысы келмей тұрады. Бұл – заңдылық. Мәңгі жастықты көксеу элементтері Шал шумақтарында да кездеседі.

*Шалыңның екі көзі жайнап жатыр,
Кеудемде нәпсі шіркін қайнап жатыр.
Байлаулы арқаным жоқ, қазығым жоқ,*

Қайтейін, кәрілік шіркін байлап жатыр,-

деп жырлап өткен Шал ақын шумақтары бүгінде өз бағасын алды.

Зерттеу еңбекте сөз болып отырған Көтеш пен Шал қазақ поэзиясында қатар өмір сүрген ақындар санатына жатады. Екі ақынның толыққанды өмірі туралы дәл пікірлер жоқ. Әйтсе де, халық арасында екі ақын туралы сан-алуан әңгімелер бар. Бізге дейін жеткен еңбектерінің де саны беймәлім, тек бірқатар жыр шумақтары белгілі. «Көтеш ақыннан қалған жыр-жолдар там-тұм ғана дерлік, ал Шалдан мың қаралы өлең жолдары қалғаны анық» [3] екенін ғалым Өтеген Күмісбаев өз еңбектерінде дәлелдей түседі. Аты аталған екі ақын да төрттаған жырлағанын ғалым мынадай пікірмен растайды: «Хан мен діннен келетін пайда аз екенін Көтеш те, Шал да әуел бастан ұққан сияқты. Кейде қораштау көрінетін Көтештің төрттағандарын Шалдың шымыр да шырайлы жолдары толықтыра түседі» [3, 10 б.].

Демек, төл әдебиетіміздің кезеңі саналатын XV ғасырдан бастап жыраулар поэзиясы өркендесе, осы тұста атадан жалғасып келе жатқан түрік төрттігі қара өлең сипатында жырланған деуге келеді. «Ал, Көтеш болса, нағыз ақпа ақындарға тән қасиеттермен танылып, сол ақындар поэзиясы үлгілерін ұстанған, қара өлең, қайым өлең жанр түрлерін байытқан» [4, 347 б.]. Қазақтың көне қара өлеңін жандандырып, гүлдендіріп жырлаған сол кезеңнің жыраулары Көтеш пен Шал ақынның төрттағандарынан замана лебі есіп тұрды.

«Көтеш те, Шал да әншейін жай көзге іліне бермейтін тақырыптан таудай нәрсе түйіндеп әкетеді. Өз ғасырының бояу, үн, қасиетін бойына сіңірген көшпенділер өкілдерінің поэзиясы таза,

табиғи рухта жасалынған. Мұндай поэзия көбікке, көтерме әсіре қызыл сөзге үйір бола алмайды. Қолға ұстатқандай қызықты, көрнекті етіп беріледі» [3, 10 б.]. Өз ғасырының жоқтаушысына айнала білген Көтеш пен Шал төрттағандарынан ғибраттық үлгі болар өнегелі тәрбиені аңғаруға болады. Әсіресе, жастар арасындағы кертартпа мінездерді шеңеп, ізгі қасиеттерге жол сілтейді.

Көтеш, Шал есімдерінен кейін төрттаған жырлау үрдісіне өзіндік үлес қосқан ақындардың қатарында Қобылан Бөрібайұлын (1760-1840 ж.ж.) көре аламыз. Ақын шығармасына қайым өлеңнің табиғатындағы қарапайымдылық пен ойын-күлкі, әзіл-қалжыңға тән сипат, ауызекі айтыс пен жаттап алып, әнмен айтуға жеңіл де ыңғайлылық тәрізді қасиеттер толық үндесіп, толымды үйлесім табады. Қобылан жыраудың көп шумақтары қайшылықтар мен ащы шындықты бейнелеу үшін де әжептеуір қызмет еткендігі аңғарылады.

Жыраудың бірнеше шумақтарында тап теңдігі, бай мен кедей арасындағы қырғиқабақ күрес, кәрілік пен жастық шақ арасындағы диалог кең көрініс тапқан. Жоқшылық пен кәріліктің меңдеп, қатар келгендегі келеңсіз кездерді де қаламмен әдемі кестелеген. Мәселен:

*Кедейлік, жас кезімде келмеп едің,
Жеңем деп мені жаста сенбеп едің?
Сексенге кеп, селкілдеп отырғанда,
Кәрілікпен қосылып мені жеңдің [5, 141 б.].*

Төрттаған жырлау – ойын-той, әзіл-оспақтың төңірегінен ұзамай, әлеуметтік жағдайларды сөз ету дәрежесінен аса алмау деген ұғымнан алыс болған жөн. Өмір тіршіліктегі ой тұжырымдарды философиялық тұрғыдан жырлау, үлкен мағыналы, аталы байламдар айту –

төрттаған анықтамасына ғана тән. Қобылан Бөрібайұлының қаламынан қос шумақты төрттағандар да туған. Осы тұрғысында зерттеуші Ислам Жеменей былайша пікір айтады: «Төрттік форманы қазақ жыры бөтенсімей қабылдап, ауыз әдебиетінен жазба әдебиетіне дейін жалғастырды. Мәселен, Қобылан Бөрібайұлының (1760-1840 ж.ж.) жырларында қосарланған төрттаған «Кедейлік жас кезімде келмеп едің» [5, 141 б.] деп басталатын жырынан көрінеді...» [1, 173 б.]. Қобылан жыраудың бұл төрттағанынан өзге «Қара тісті қақ жарған қайран тісім», «Кедейлік мұнша неге болдың қиын», «Ат арыды, тон тозды», «Баланың ең тәттісі кенжесі екен», «Дәмді тамақ қартайсаң берер қуат» [5, 141 б.] сынды төрттағандары үлкен ой, астарлы мәнмен жазылған жырлар. «Қара тасты қақ жарған қайран тілім» [5] деген төрттағанында ақын «Етігімнің өкшесі қисайып жүр» деген керемет жолды келтірген. Ақын аяғына киген етігін меңзеп тұрған жоқ, өміртіршіліктегі жолынын болмағанын, қиыншылық атаулыдан арыла алмай жүргендігін меңзейді. Қандай ұтқыр ой, ұтымды теңеу десеңізші?! Ақын жырларының барлығы да үлкен астарға негізделіп жазылған. Философиялық мән мен мағынаға тұнып тұр. Жыраулық, ақындық өнерді қатар жалғастырған Қобылан есімі ауыздан-ауызға таралған ғибратты терме айтқан ірі өкілдердің бірі болып әдебиет тарихында сақталады.

Жастық шақ, махаббат, сезім тақырыптары барша ақынның шығармаларына түр, мазмұн, реңк берері даусыз. Өз заманында Абыл ақын Өтембетұлы (1777-1864 ж.ж.) да Шал секілді жастық дәуренімен қош айтысқысы келмейтінін, қатарластарына қарағанда әлі де аяғымен тік жүріп жүргендігін өз шумақтарымен айғақтатқан:

*Сексеннің біз де келдік жетеуіне,
Жаманның ергенім жоқ жетегіне.
Біз байғұс қалтақ – құлтақ етіп келдік,
Біздей шал жатып қалды төсегіне.*

«Ақын толғауларының тілі - өткір, шешен. Ол өмірдің өткіншілігін ескертіп, байсалды ой түйеді» [4, 390 б.].

Ақын өлеңдерінде адамгершілік, ізгілікке шақыру насихаттары жиі ұшырасады. Өз заманының нағыз шешені, жүйрігі болғаны жырларынан аңғарылады.

XIX ғасырдың ақиық ақыны Сүйінбай Аронұлының (1815-1898 ж.ж.) поэзиясы толғау, нақыл сөздер, сын-сықақтар мен айтыстарға бай. Әлеуметтік, қоғамдық қайшылықтарды қаламымен түйрей жырлаған ақынның жыр мұрағатында бір шумақтық жырларды кездестіруге болады. Бірқатары белгілі бір адамдарға арналса, кейбірі өмірдің күнделікті тіршілік көзіне бағытталған.

*Бай болсаң қадірлісің ағайынға,
Жоқ болсаң жолатпайды маңайына.
Жігіттер, терің төгіп, мал жинағын,
Мал оңа тіршілікте талайыңа [6,37 б.],*

деген жолдар өмірлік ескірмейтін ақылдар. Замана ізінен бір елі қалмайтын кедейшіліктің тауқыметін сөз етеді. Жігіттерге еңбек етуді насихаттайды.

Адамзаттың қасиеттерін таразылау ертедегі жыраулар поэзиясынан бері келе жатқан үрдіс. Сүйінбай ақынның төрттіктерінде де осы тақырып қозғалады:

*Қаргадан қарға туар қаңқылдаған,
Жаманнан жақсы туар жарқылдаған.
Дегендер мен жақсымын толып жатыр,
Пайдасы өз басынан артылмаған [6],*

деп келетін жолдарды біздің заманымыздың термешілері жырға қосып жүр. Өз заманының кертартпа

тұстарын: «Насыбай жарасады шақшалыға, Болыстық оңай болды ақшалыға» [6], деп түйрей жырлайды. Бұл жолдар осы замандағы жемқорлық тақырыбымен үндес келеді.

Ақын – заманының жаршысы. Ақиқатын айтып «әлдекімдерге» жақпай жататын кездері де жиі болады. Сүйінбайдың «Даукестерге» атты төрттағаны былайша өрбиді:

*Албан, Дулат – ағайын, оңбадың ғой,
Бірігіп, бір өзенге қонбадың ғой.
Ұялас ит таласып, табысады,
Қырбас, Жайнақ, соғұрлым болмадың ғой*
[6].

Мұндағы жолдар қазақтың «алтау ала болса – ауыздағы кетеді» деген қағидалы сөзін меңзеп тұрғандай. Ұялас иттердің таласса да табысатынын меңзей жырлағаны әсерлі шыққан. Ақын Сүйінбайдың осы тектес төрттіктері баршылық. Басым бөлігі сарказм сарынында жырланған шумақтар.

Азаттық пен теңдікті жырға қосып, адалдық пен әділеттілікті ту еткен Жаяу Мұсаның (1838 – 1929 ж.ж.) қаламынан да аз шығарма туған жоқ. Жаяу Мұса «әрдайым халықтық-бұқарашылдық бағытты берік ұстайды, өмір бойы үстем тап өкілдерімен күресе отырып, сол замандағы қазақ ауылының шындығын батыл суреттейді» [7, 70 б.]. Сондай-ақ, қазақ музыкасының мазмұны мен түріне, орындаушылық өнеріне көптеген жаңалықтар енгізеді. Оның қаламына мәңгі тақырып-махаббат та тиек болған. «Ләйлім» деп аталып жарияланған төрттағаны ақынды лирик ретінде танытады.

*Ақ көйлек, асыл беишент белін қысқан,
Бір қыздың даусы шықты
Күншығыстан.
Қоян жон, құмырсқа бел қарағым - ай,
Жігіттің арманы жоқ сені құшқан,-*

деп кейіпкер бейнесін нәзік штрихтармен суреттеген. Лирик ақынның «Сұрша қыз», «Сәулем қыздар» сынды жырлары да жырсуіер қауымның көз қуанышы екені даусыз.

Жаяу Мұса секілді суреткер ақын қатарына Құлыншақ Кемелұлын да (1840-1911 ж.ж.) қоссақ қателеспеген болар едік. «Көркемсөзге қабілеттілігімен ел аузына ерте ілінген, ақындық, импровизаторлық өнерімен жиын тойларда сан рет сөз сайысына түскен» [7, 75 б.]. Құлыншақ ақынның «Шырын-Шекер» дастанынан бастау алған шығармашылығы шағын шумақтарға дейін ұласқан еді. Ақын төрттағандарының дені философиялық негізге құрылған.

*Адамзат келер – кетер, жүзге келер,
Бәрібір, үйде өлсең де, түзге көмер.
Қайыр – қош, аман боп тұр, қайран
елім,
Ағайын енді қайда бізге келер [8],-*

деп өмір керуенінің бәрібір бір межелі жерге келіп тірелетінін тілге тиек етсе, мына жолдарда көзді шелдетер дәулет туралы, оның пайдасынан зияны басым екендігін жырлайды.

*Керілген етек жақсы керме қастан,
Шөп шығар, жаңбыр жауса, қара
тастан.
Дәулетке ерге біткен едіреңдеп,
Көзіңе көрінбейді жер мен аспан [8].*

Ақын бойындағы психологиялық сезімнің бай екендігі шумақтарынан - ақ көрініс тауып отырады. Ол алдындағы адамының қандай көңіл-күйде, не ойлап отырғандығын, алда қандай құбылыстар болатындығын бет-жүзіне, қимыл-әрекетіне қарап отырып-ақ сезетін қасиетке ие. Ондай қасиет психологияның ең бір қажетті элементі ішкі сезімнің сергектігін аңғартатын құбылыс. Бұл қасиет кез-келген жанда

кездесе бермесе керек, тек таланты мен асқақ сезімі бар адамдар да ғана болады. Міне, ақын осындай дара қасиетке ие еді.

*Ауылдан шыққан күні Көлбай қондым,
Қондырмаймын десе де, болмай қондым.
Ат жемін қонақ ед деп бермеген соң,
Тақыр жерге иірген қойдай болдым [8] -*

дей келе Көлбай сараңның мінезін шенеп жырға қосады. Мінез сомдауға шебер Құлыншақ ақын жырларынан тез шешімге келер өжет мінезді аңғару қиын емес. Романтикадан реализмге жақын қаламгер қаламынан кесімді шумақтар да бой көрсетеді.

*Сен едің Рысқұлбек бұлғақтаған,
Көргенше болдым ғашық шырақтаған.
Құсындай ителгінің теуіп өткен,
Бар екен бір мінездің шұнақтаған [8].*

*Ишпеймін қымызыңды, шөлдесем де,
Өзіңді білуші едім, көрмесем де.
Қазақтың алыспаған ениісі бар,
Ештеме алып, ештеме бермесем де [8]*

деп жырлаған Құлыншақ ақын қашан да ащы болса да ақиқатты тіліне тиек ете білген жан.

Қорытынды. Төрттаған жанры неше буынмен жырланбасын айтылар ойын бойында сақтайды. Адамдық қасиет, өмірге құштарлық, заманауи тақырыптар төңірегінде сөз қозғайды.

Ауқымды әлеуметтік мәселелер сөз болса да, жанрдың буындық өлшемі мазмұнына нұқсан келтіре алмайды. Қайта тақырыптық ерекшелігіне қарай нақыштала түседі.

Қазақ поэзиясында өзіндік орнымен дараланатын төрттаған жанры 7-8 және 11 буынмен, сондай-ақ әдебиетіміздегі барлық ұйқаспен жырлана береді. Көркемдегіш құралдарға бай, тақырыптық жағынан кең шеңберде сөз болады. Философиялық, лирикалық, сопылық сарында жырланатын төрттағандар ішінара тағы да бірнеше тақырыптарды қамтиды.

Қысқасы төрттағандардан барлық қажетті элементтерді кездестіруге болады. Бір ғана шумақпен үлкен ой берер жанрдың поэзия айдынында алар орны да ерекше. Ақын қай заманда да халық мұңдасы, жанашыры болып келген. Қай ақынның шығармасын алмайық, ел үні, замана даусы жатады. Қазақ төрттағандарының ерекшелігі сол – ел мүддесін, рухани байлықтың негізгі көзін дөп баса жырланады. Төрттаған басқа жанрлар секілді жалғасын қажет етпесе де дара тұрып талай сырды ашады, тереңде жатқан жауһарды теңіз бетіне шығарады. Төрт аяғын тең басқан төрттаған қазақ поэзиясының ең көрікті де нақышты жанрларының қатарында.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жеменей, И. «Мұхаммед Хайдар Дулат (1499-1551) тарихшы-қаламгер» [Мәтін] / И.Жеменей. - Алматы: Зерде, 2007.- 352 б.
2. Мағауин, М. Ғасырлар бедері [Мәтін] / М.Мағауин. - Алматы: Жазушы, 1991.- 432 б.
3. Күмісбаев, Ө. Дала поэзиясының тарландары [Мәтін] / Ө.Күмісбаев // Өркен.- 1993.- 10 б.- 20 наурыз.
4. Сүйіншәлиев, Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. [Мәтін] Оқулық / Х. Сүйіншәлиев. - Алматы: Санат, 2006.-904 б.
5. Кенжебаев, Б. Ертедегі әдебиет нұсқалары [Мәтін] / Б.Кенжебаев, Х.Сүйіншәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мағауин, Қ.Сыдықов. - Алматы: Мектеп, 1967.- 208 б.
6. Аронұлы, С. Ақиық. Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар [Мәтін] / С.Аронұлы. - Алматы, Жазушы, 1976.- 140 б.
7. Бес ғасыр жырлайды. 1 том.- Алматы: Жазушы, 1989.-1т.- 384 б.

8. Дүйсенбайұлы, Е. Ғасырлар тоғысындағы қазақ жыры: XIX ғасырдағы және XX ғасырдың басындағы поэзия [Мәтін] / Е.Дүйсенбайұлы. - Алматы: Раритет, 2007.-362 б. – «Алтын қор» кітапханасы.

Материал 07.03.2024 редакцияға түсті.

Б. Ш. Баешова

*Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмеда Ясави,
Туркестан, Казахстан*

ЖАНР ЧЕТВЕРКИ В КАЗАХСКОЙ ПОЭЗИИ

Аннотация. Не будем разбираться в жанре казахской поэзии, речь идет о народном быте, обычаях, культуре и философии. В частности, место четверки, являющейся одним из старейших жанров, индивидуализировано. В нашем исследовательском труде речь идет о жанре той четверки (четверки).

В статье в казахской литературе четверка (квадрата с обозначенными диагоналями), предусмотренных о творчестве поэтов воспевали. Ряд ученых представляются мнения о жанре квадрата с обозначенными диагоналями. Изучены лирические, философские строфы казахских поэтов. Көтеш, Шал, Қобылан Суюнбая, Абыл, Жаяу Мусы, проанализированных для каждого, кто Құлыншақ, студентами были подготовлены стихотворения поэтов, таких, как. Данный поэтов, жизни, социального равенства, воспитание подрастающего поколения, в определенной аудитории, студентами были подготовлены стихотворения о молодости и старости, при значительно повлияло воспевали.

Среди казахских би-чеченцев и жырау традиционно воспетая четверка имеет огромный тематический фон. Поэты, включившие в поэму звучание и облик времени, еще больше подчеркнули характер четырехстрочного стихотворения. Об этих особенностях пойдет речь в исследовательском труде. Теперь наша актуальная задача-изучить творчество, рожденное под пером этих поэтов.

Ключевые слова: четверка, литература, поэт, жырау, поэзия, лирика, философия.

B. Sh.Baeshova

Khoja Ahmed Yasawi International Kazakh-Turkish university, Turkestan, Kazakhstan

THE GENRE OF QUATRAINS IN KAZAKH POETRY

Abstract. "In particular, the place of the quartet, which is one of the oldest genres, is individualized. In our research work, we will talk about the same genre of quatrains.

The article deals with the work of poets who sang the quatrains in Kazakh literature. The opinions of a number of scientists about the genre of quatrains are presented. Lyrical and philosophical stanzas of Kazakh poets are studied. The poems of such poets as Kokesh, Shal, Koblan, Suyunbay, Abel, Zha Musa, Kulynshak were analyzed from different angles. It is known that these poets had a significant impact on their audience during their stanzas about life, social equality, the upbringing of generations, youth and old age.

Among the Kazakh bi-orators and zhyrau, the traditionally sung quatrains have a huge thematic scope. Poets who added the tone and appearance of the times to the song further distinguished the character of the four-line poem. These features will be mentioned in the research work. Now our urgent task will be to study and study the works of these poets.

Key words: Fourtagan, literature, poet, zhyrau, poetry, lyrics, philosophy.

References

1. Zhemenei ,I. «Мұхаммед Hajdar Dulat (1499-1551) tarihshy-qalamger [Muhammad Haidar Dulat (1499-1551) historian-writer] [text] / I. Zhemenei. - Almaty: Zerde, 2007. - 352 p.
2. Magauin, M. Fasyrlar bederi [Reliefs of centuries] [text] / M. Magauin. - Almaty: writer, 1991. - 432 p.
3. Kumisbayev, U. Dala poeziyasynyn tarlandary [Tarlans of Steppe poetry] [text] / U. Kumisbayev // Orken.- 1993. - p.10-March 20.
4. Suyunshaliyev, H. Қазақ әдебиетінің тарихы [History of Kazakh literature] [Text] Textbook / H. Suyunshaliyev. - Almaty: Category, 2006. -904 p.
5. Kenzhebayev, B. Ertedegi әдебиет нұсқалары [Early literary versions] [text] / B. Kenzhebayev, H. Suyunshaliyev, M. Zholdasbekov, M. Magauin, K. Sydikov. - Almaty: School, 1967. - 208 p.
6. Aronovich, S. Tolraular, syn-syqaqtar, ajtystar [Akiik. The truth. Reflections, criticism, arguments] - Almaty, writer, 1976. - 140 p.
7. Bes ғасыr zhyrlajdy [Five centuries sings]. Volume 1.- Almaty: Zhazushy, 1989. - 1T. - 384 P.
8. Duisenbayuly, E. Fasyrlar toqysyndary қазақ zhyry: XIX ғасыrdary zhәne XX ғасыrdyn basyndary poeziya [Kazakh song at the turn of the century: poetry of the XIX and early XX centuries] [text] / E. Duisenbayuly. - Almaty: Raritet, 2007. -362 P. – Library "Golden fund".

Мақалаға сілтеме: *Баешова, Б.Ш. Қазақ поэзиясындағы төрттаған жанры [Мәтін] / Б.Ш. Баешова // Dumaty University Хабаршысы. – 2024. - №3. – Б. 35-43. <https://doi.org/10.55956/MCRM3845>*